

## Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2002 жылы тұған ер азаматтарды тіркеуді өткізу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімінің 2019 жылғы 9 қантардағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қантарда № 5150 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабына сәйкес, Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2002 жылы тұған ер азаматтарды тіркеуді өткізу және оларды әскери есепке алу мақсатында, Абай ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2002 жылы тұған ер азаматтарды тіркеу 2019 жылдың 01 сәуіріне дейін ұйымдастырылсын.
2. Абай ауданының қала, кент, ауылдық округтар және ауыл әкімдері 2002 жылы тұған жасөспірімдердің Абай ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру комиссиясына келуін қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Абай ауданының әкімі*

*Б. Асанов*